

Алматы, Қазақстан: 14 қараша 2008 жыл

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ: ТАРАТУ ҮШІН

Қаржыгерлер Күні kaspi bank-інің топ-менеджменті өзінің жаңа брендін, пәлсапасын және банкті дамытудың болашақ жоспарларын таныстырды.

kaspi bank-інің жаңа бейнесін тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл ТМД елдеріндегі ең жаңашыл деп батыл айтуға болады. Банктің жаңа атауының негізінде Каспий Банкінің қазақ тіліндегі «Каспий Банкі» атауы жатыр. Енді банктің жаңа атауы – kaspi bank – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде бірдей әрі оңай оқылады.

Каспий Банкінің бейнесі мен атауын ауыстыру –банктің 15 жылдан астам тарихындағы қисынды қадам болып отыр. Осыдан екі жыл бұрын банкке «Бэринг Шығыс Кэпитал Партнерс» жетекші халықаралық тікелей инвестициялау қоры арқылы халықаралық инвесторлар қаржы салды, жаңа басқару командасы жасақталып, ең үздік технологиялар енгізілді, 400 млн. доллардан астам қаржы тартылып, инвестицияланды, жаңа бизнес-үлгі мен халық үшін бірегей өнімдер әзірленді. Осының барлығы Каспий Банкінің аясында және соның атымен жасалды. Банк клиенттерінің ескі брендті қабылдауын егжей-тегжейлі зерделегеннен кейін, бірінші кезекте клиенттерге бағытталған, банктің бұрынғы атауының мұрагері болатын, еліміздің ұлттық салт-дәстүрлері мен іргелі адами құндылықтарынан құралған жаңашыл әрі серпінді бренд жасау туралы шешім қабылданды.



Михаил Ломтадзе
kaspi bank-інің
басқарма төрағасы

– Біздің инвесторларымыз бен басқарушылар командасы бизнесіміздің дамуының болашағына да, Қазақстанның қаржы секторының өте тартымды екеніне де сенімді, – деп мәлімдеді банк басшысы Михаил Ломтадзе. – Дәл қазір бизнеске инвестициялауға ең қолайлы уақыт деп санаймыз. Мұны біздің бәсекелестеріміздің жасауына мүмкіншіліктері жоқ. Соңғы екі жылда біз банк технологиясының өзгеруіне және жаңа өнімдер әзірлеуге 10 млн. доллардан астам қаржы инвестицияладық. Өзіміздің жаңа брендімізбен бірге біз бүгін жаңа стандарттарға лайықталып жасалған, соңғы әзірлемелер мен технологияны пайдаланып, жаңа бөлімше ашып жатырмыз. Келесі аптада біз сондай-ақ бірегей жаңашыл өнімді – жалпыға арналған револьверлік несие картасын да іске қосамыз. Бұл өнімнің маңызды қасиеттерінің бірі – өтеу кестесі икемді және ай сайынғы төлемі аз. Ағымдағы жағдайда клиенттеріміз үшін өнімнің осы қасиеті өте маңызды.

БІЗДІҢ ЖАҢА БЕЙНЕМІЗ НЕ ДЕЙДІ?



АДАМДАР

Бірінші кезекте бізге адами қарым-қатынастар маңызды. Банк пен клиенттің арасындағы қарым-қатынастар, ұрпақтар арасындағы, отбасы ішіндегі, достар арасындағы, серіктестер арасындағы қарым-қатынастар. Біздің жаңа бейнеміздің мәні – адамдар арасындағы осы қарым-қатынастар сенімге арқа сүйеп, болашаққа ұмтылғанында.

КҮН

Күн – адами қарым-қатынастар жылуының символы әрі болашақ символы. Ал адамдар соған беттейді. Біздің банк серіктестер мен достарды жылытатын осы шуақты күннің айналасында құрылған. Күн әлемі, достар әлемі, отбасы ошағының әлемі. Жаңа филиалдарымызда клиентпен қатынас дөңгелек үстел басында өтетін болады.

ТҮСТЕР

Біздің негізгі түстеріміз – қызыл, сары және көкшіл. Қызыл түс – күштің, табыстың түсі, ол жарқын, өзіне назар аудартады, бұл түсті біз Каспий банкінен сақтап қалдық. Сары және көкшіл – күн мен аспан түсі, бұл Қазақстанның мемлекеттік байрағының түстері. Сондықтан да біз түстердің осындай үйлесімін таңдадық.

«Бәлкім бүгінгі ахуалда біз ағысқа қарсы жүзіп бара жатқан шығармыз, – деп, Ломтадзе мырза өз ойын жалғастырды. – Алайда осыған дейін банкті жақсарту үшін жасағанымыздың барлығы жағымды нәтиже берді. Біз халықаралық инвесторлардың сеніміне иеміз, клиенттеріміздің саны 1,5 есеге көбейді, ал бөлшекті депозиттердің өсімі қазақстандық банктер арасындағы ең жоғарысы: 12 ай ішінде шамамен 40%. Клиенттеріміз

бен әріптестеріміздің тарапынан көрсетілген бұл сенім, біздің қазір жүргізіп жатқан істерімізге сенімділік береді.

kaspi bank-інің нарық үлесі бойынша амбициялары бар, бұл қызмет көрсетілген клиенттер санымен бағаланатын болады. Қазіргі сәтте жылдың басынан бері банк халыққа және ШОБ өкілдеріне 250 мыңнан астам несие берді. Бұл көрсеткіш артатын болады.

Вячеслав Ким
kaspi bank-інің директорлар
кеңесінің төрағасы



– Біздің стратегиямыз қарапайым қазақстандықтың мұқтаждықтарының айналасында құрылатын болады, – дейді, жаңа брендтің пәлсапасына тоқталған Вячеслав Ким. – Біз қажеттіліктері мен мұқтаждықтары бар қарапайым адамдарға бағытталғанбыз. Тіпті банкіміздің атауының өзі кіші әріптермен жазылады, себебі біздің клиентпен қарым-қатынасымызда басқарушы жоқ. Дәл осы жәйт банктің жаңа логотипінде көрініс тапқан. Нәтижесінде бізде тірі адами, оның өн бойында өз адамдарымыздың бойындағы және еліміздегі ең жақсының бәрі бар бейне қалыптасты. Біздің клиентіміз – жақсы өмір сүргісі келетін кез келген адам.

Адамдар Үрпақ сабақтастығы Отбасылық құндылықтар Серіктестік Достық Болашақ



Топ-менеджменттің мәлімдеуінше, kaspі bank-інің бейнесі – елімізді таныстыратын ұлттық қазақстандық бренд болудан үміткер. Оны қолдау үшін іске қосылатын барлық жарнама Қазақстанның дәстүрлері мен тарихына негізделеді. Банктің жаңа бейнесінде Тамғалы Тас шатқалындағы жартастарда салынған әйгілі тарихи суреттер негізін құраған заманауи петроглифтер маңызды рөл атқарады. Петроглифтер – еліміздің бай тарихы мен жаңашыл Қазақстанның заманауи бейнесі арасындағы байланыс нышаны.

Жаңа брендті Corporate Profiles DDB Poland жарнамалық агенттігі әзірледі. Банктің бейнелік жарнамалық ролигін Канн қаласында өтетін Жарнама байқауының бірнеше дүркін жеңімпазы, әлемге әйгілі режиссер Ласло Кадар түсірді. Бейнелік фильм өзіміздің Қазақстанда түсірілді, оған қатысқандардың барлығы – біздің қарапайым отандастарымыз.

«Kaspi Bank» АҚ:

«Kaspi Bank» АҚ 267 млрд. теңгенден астам активтерімен және 43 млрд. теңге шамасындағы біріктірілген капиталымен Қазақстандағы жетекші банктердің ондығының қатарына кіреді. Банк тұтыну несиелерін беруде көшбасшылық орынға ие. Банктің бөлшекті желісі 150 бөлімшеден және 2000 астам сауда кәсіпкерліктеріне қызмет көрсететін 514 жедел несиені сату орындарынан құралған. «Kaspi Bank» АҚ-ның инвесторы – жетекші Baring Vostok Private Equity III (BVPEF III) тікелей инвестициялау қоры. www.kaspibank.kz

Бэринг Шығыс Кэпитал Партнерс тікелей инвестициялау қоры:

«Бэринг Шығыс Кэпитал Партнерс» ТМД-дағы инвестицияларға маманданған. 1994 жылдан бастап Бэринг Шығыс қорлары 50 компанияда 600 млн. астам долларды инвестициялады. Олардың портфелінде «Каспий» Банкі, Еуроплан, Қаржы Технологиялары Орталығы, Баррен Энерджи, Вымпелком, Голден Телеком, Сыктывкарлық ЛПК, Сладко, Боржоми, Яндекс және Озон сияқты атақты компаниялармен қатар қаржылық қызмет саласындағы, мұнай және газ саласындағы, телекоммуникация мен бұқаралық ақпарат құралдары, тұтыну секторындағы бірқатар компаниялар бар. Қордың инвесторларының санатында Еуропалық Қайта Құру және Даму Банкі, Халықаралық Қаржы Корпорациясы секілді атақты халықаралық қаржы институттары, әлемдегі ең ірі зейнетақы қорлары, үкіметтік инвестициялық корпорациялар, Америка, Еуропа, Азия елдерінің университеттік қорлары бар. Бэринг Шығыс ТМД, Азия, Үндістан, Еуропа және Латын Америкасының 3,5 млрд. доллар активтері бар Baring Private Equity International тікелей инвестициялау қорларын басқару тобының құрамына кіреді. www.bvcpr.ru

Қосымша ақпарат алу үшін мына маманға хабарласыңыз:

Ботагөз Жұманова

БАҚ-пен жұмыс жүргізу басқармасының бастығы

Тел: 8 (7272) 501- 800 (ішкі1376)

ZHUMANOVA.Botagoz@kaspibank.kz

Zhumanova@bc.kz

Ұялы: +7-701-223-87-85

+7- 777- 232- 51- 12